

# ЕЛІМІЗДЕГІ БОЛАТ ВАГОН ҚҰЯТЫН БІРЕГЕЙ КӘСІПОРЫН

22 қазан 2013 | 00:10 | Экономика | Қаралған: 2535 | Пікірлер: 0



Еліміздегі ең ірі машина құрастырушылардың бірінен саналатын, Өскемендең «Востокмашзавод» биыл өзінің 55 жылдығын атап өтпек. Зауыт жарты ғасырдан астам уақытың ішінде елдегі тау кен өндірісі мен машина құрастыру саласының дамуына өлшеусіз үлес қосып үлгерді.

Тарихы теренде жатқан бұл кәсіпорынға соңғы жылдары дағдарыс қауіп тәндіріп, банкроттық бұлты үйіріле бастаған. Өйтсе де мемлекет қолдауының арқасында зауыттағы жұмыс орындарын

сақтап қалудың түрлі жолдары қарастырылып, қызметкерлердің жаппай қысқартылуына жол берілмеді. Осында қыын-қыстау шақта зауыттың тірлігін оңалту үшін көмекке «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы АҚ келген.

«Қазақстан теміржолы» акционерлік қоғамы бұганде «Востокмаш заводтың» негізгі акционері болып отыр. Зауыттың 95 пайыз акциясы – солардың үлесінде. Ол зауытқа 900 миллион теңге құйып, банкроттың аз-ақ алдында тұрған жерінен аяғынан тұрғызған. Сол қаржының 700 миллион теңгесі алеуметтік салық пен коммуналдық төлемдерге қатысты қарыздарды жабуға жұмсалыпты. Қарыздың осыншалықты көп болуының салдарынан жұмысшылардың еңбек-ақысын көтеруге соңғы уақытқа дейін мүмкіндіктер болмаған. Осы инвестиция-ның арқасында мұндағы жұмыс орындары сақталып қана қоймай, жаңа орындар пайдада болған. Жаңа жоба толықтай жүзеге асқанда жаңадан ашылған жұмыс орын-дарының саны 450-ден асады деп күтілуде.

Осылайша қарыздан көз ашқан зауыт отандық нарыққа бет бүрганы ел есінде. Теміржол саласының жаңа бағыттарын еңсеріп, басекеге қабілеттілігін арттыру үшін кәсіпорын өз өндірісінің бағытын әртаратандырып бағуда. Ежелден қа-

лыптасқан қуатты өндіріс базасы кәсіпорынның вагон құю ісіне іркілмей кірісіп кетуіне оңтайлы болып шықты. Қытай және неміс мамандарымен тізе қосып, тер төккен зауыт қызметкерлері былтыр №10 шойын құю цехын вагон өндірісіне бейім-деу жұмыстарын тындырды. Цех толық қуатына енген шақта жылына екі мың вагон өндіріледі деп күтілуде.

Ал биыл құрылған қондырығылар мен енгізілмек технологияларды пайдалана отырып, кепілдік сұранысқа сай енім алудың тәжірибелері қызу жүріп жатыр. Осы жұмыспен қатар «Болатты пештің қатысының өндіреу» жобасының құрастыру жұмыстары бітүге жақын. Зауыттың қуаты қүшешуімен қатар, ондағы қауіпсіздік шаралары да заманауи қызмет түріне көшіп отыр. Бұганде зауыт өндіріген серіппелі арқалықтар Ресейдің Санкт-Петербургінде сынақтан вткізіліп жатыр. Сынақтан сәтті етіп, лицензиялық құжаттары дайындалған сette дайын енімге сұраныс көп боларына зауыт басшыларының сенімі мол. Қазірдің өзінде «Қазақстан вагон құрастыру компаниясы» ЖШС-ынды вагон жөндеу кәсіпорындары «Востокмаш заводтың» енімдерін күтіп отыр.

– 2009 жылы зауыттың шығыны бас-тан асып, банкроттың алдында тұрған едік. Кредиторлық қарызы 8,5 миллиард теңгеге дейін жеткен. «Қазақстан теміржолы» АҚ зауыттың 95 пайыз акциясын сатып алып, касіпорынға құйған инвестициясының арқасында жағдай түзелді. Бұл жаңғыртылған цех іске қосылған кезде негізгі акционеріміздің қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қана қоймай, елдегі болат вагон құятын жалғыз касіпорын болмақпыш. Соның арқасында жұмысшылардың тұрмысын түзеп, келер жылға қарай зауыттағы орташа еңбекақы деңгейін 95 мың теңгеге дейін көтеруді көзделеп отырмыз, – дейді бас директор Виктор Маточкин.

Дағдарыстың дауылын толықтай еңсерген зауыт қызметкерлері 55 жылдық мерейтойды болашаққа деген сеніммен қарсы алып отыр.

Есімжан Нақтыбайұлы